



МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА. ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Журналистика, гендер және
бұқаралық ақпарат құралдары



Журналистика, гендер және бұқаралық ақпарат құралдары: ХХІ ғасырдағы мизогиния деген не?

Бұл дәріс журналистикадағы гендер мәселесі және ХХІ ғасырдағы мизогиния жайында қарастыруды ұсынады. Басым топтың мүшесі болудың бір жақсысы – көбінесе негізгі артықшылықтың білінбей қалатындығында; артықшылық табиғи нәрсе көрінетіндіктен, адамдар қалыптасқан теңсіздікті көре бермейді. Сондықтан да әлем тұрғындарының басым көпшілігін құрайтын әйелдердің жыныстық белгісіне бола кемсітушілікке ұшырайтынын көптеген ер адамдар білмейді де. Ер адамдардың артықшылығы – дәл сондай әлеуметтік жағдайдағы әйел адамдарда бола бермейтін бірқатар артық құқыққа бірден ие болып шыға келетіндігінде. Ерлердің артық құқығы кейде айқын білініп тұрады, кейде көзге көрінбейді. Еркек журналистер сияқты әйел журналистер де кәсіби мамандығына байланысты түрлі қауіп-қатерге ұшырап жатты, дегенмен, ашық сексуалдық қысымдар әйел журналистердің жағдайын қиындата түседі. Мұндай қысымдар редакция ішінде де, редакциядан тыс жерлерде де орын алып тұрады. Әрбір журналист сынның бұқаралық ақпарат құралдарындағы жұмысының бөлінбес бөлшегі екенін жақсы түсінеді, бірақ әйел тілшілер тек жұмысы үшін ғана емес, жынысы үшін де сынға ұшырап жатады. Сыни пікірлер олардың кәсіби мамандығына қатысты да, қатыссыз да жағдайларда айтылып қалады. Ал көбінесе ерлерге тиесілі спорт, технология және компьютерлік ойындар сынды салаларда жұмыс істейтін әйелдерге сандық технология заманында тіптен қиынға соғатын болды.

«Медиа және Журналистика» оқулығында спорт және гейм-журналистика мысалы арқылы, журналистика мен БАҚ-тағы сексизм мен әйелдерді жақтырмаушылыққа қатысты біраз зерттеулер келтірілген. 1990 жылдары Бүкіләлемдік ғаламтордың келуімен, ғаламдық қарым-қатынас әлеміне әйелдер де тең жағдайда атсалысу мүмкіндігі туды. Интернет әйелдер мен азшылық топтардың теңсіздікке қарсы дауыс беру құқығын ұсынды.

Британдық жазушы Лаура Бэйтстің сексизмге қарсы «Everyday Sexism Project» атты жобасы, қыз-келіншектерді сексизм сипатындағы тәжірибесімен бөлісуге шақырған сайтын жағымсыз әсер етіп тұратын технологияны әйелдердің қалай қолданатындығын көрсететін бір мысал деуге болады. Интернеттің ғаламды қамти алатындығы және қолжетімділігі оны адамдардың, мәселен, сексизммен күрес сияқты істерде үлкен табысқа жетуіне септігін тигізетін, сонымен қатар, зиянын да тигізуге мүмкіндік беретін коммуникациялық алаңға айналдырып жіберді. Интернет кез келгеніміздің түрлі қысымға, құқық бұзушылық пен теңсіздікке қарсы шығуымызға мүмкіндік береді; жетістіктерімізді, шығармашылығымызды өзгелермен бөлісуге, бүкіл әлемдегі достарымызбен, бейтаныс жандармен пайдалы нәрселерді алмасуға жол ашады. Тіпті қаласақ, ол игіліктерді анонимді түрде, яғни жасырын атпен-ақ жүзеге асыруымызға да болады. Анонимдік сондай-ақ, кейбіреулердің өзгелерге қысым жасап, жазаланбайтынын сезініп, мүмкіндікті артығымен пайдалануына да жол беруде. Оқулық авторлары Австралияның ең танымал спорт журналистерінің бірі, футбол репортері Кэролайн Уилсон тап болған мына жайды мысалға келтіреді. 2009 жылы Уилсонды сексуалдық қысымға ұшырату үшін Facebook-те арнайы парақша ашылады. Сатира бетпердесін жамылып, жасырын атпен басқарылатын ол парақша Уилсонға қатысты сексуалдық зорлық-зомбылық сипаттағы пікірлерді насихаттайды. Түсіндірме жолда «парақшаның Австралияның ең нашар футбол репортеріне деген көрермендердің ашу-ызасын шығару үшін ашылғаны» көрсетілген. Парақшаға көбінесе жасырын есім жамылған адамдардың жағымсыз, сексуалдық сипаттағы, намысқа тиетін балағат пікірлері салынып отырады. Бұл Facebook-тегі Кэролайн Уилсонды қаралауға және сексуалдық қысым көрсетуге бағытталған бір ғана парақша емес еді. Сандық кеңістікте кеңінен тараған мұндай келеңсіздік осымен ғана шектеліп қалған жоқ.

2008 жылы кешкі хабарлардың бірінде тележүргізуші Сэм Ньюман Кэролайн Уилсонды мұқатту мақсатында әйелдердің ішкі киімі ғана кигізіліп, бетіне журналистің суреті жапсырылған қуыршақты аймалау арқылы оны келемеждеп қалуға тырысады. Уилсон тележүргізушінің ол қылығын «тіл тигізіп, қорлады» деп бағалады. Сол эфирден соң бір жылдан кейін австралиялық байланыс және бұқаралық ақпарат құралдары басқармасы Ньюманның әрекетіне телевизия индустриясының өзін-өзі ұстай білу кодексін бұзғандық деп баға береді. Ал тележүргізушінің



өзін эфирден уақытша алып тастап, оған «кәсіби кемсітушілікке қарсы дайындықтан» өтуді міндеттейді. Бірақ Ньюман бірнеше аптадан соң-ақ 3 миллиондық жаңа келісімшарт арқылы эфирге қайтып оралады, оның қызметтік мансабына еш қауіп төнбейді. Уилсон Австралиядағы ең тәжірибелі спорт журналистерінің бірі. Ол астралиялық футбол лигасымен 1980 жылдардан бері бірге жұмыс істеп келе жатқан және ең ірі басылым оған австралиялық футбол туралы жазуға жөн сілтеген алғашқы әйел. Көптеген кәсіби жүлделер иесі. Уилсон бір материалында қате ақпарат жіберіп қойғанын біліп, дереу көпшіліктен кешірім сұрап, қателігін мойындайды. Бірақ ол қателік алынған ақпарат көзінен кеткен еді. Алайда сол жағдай сексисттік сөзқұмарлардың ашу-ызасының сыртқа ақтарылуына жол беріп қойды. Журналистердің бәрі де қателік жіберіп жатады, сол қателіктері үшін жауап беріп, зардабын тартады, салдарынан беделі мен қызметтік мансабына нұқсан келтіреді. Бірақ сол үшін журналистің жыныстық айырмашылығын қорлауға кім құқық беріпті?

Оқулық авторлары, әсіресе Никола Гок ХХІ ғасырда әйел спорт журналистері неге осындай деңгейдегі ауыр сөздер мен айыптауларға жиі ұшырайды деген сұрақ қояды. Ондай жағдайлар әсіресе әлеуметтік желілерде жиілеп кетті. Футбол репортері Люси Зелич желілерде ашық сексизммен әрдайым бетпе-бет келетінін, өзінің сырт келбеті туралы жағымсыз пікірлер еститінін айтады. Оның журналист ретінде «ештеңе білмейтінін, бірақ жетістікке жетуіне көмектесетін қамқоршы еркектердің бар екенін» айтып тілдейтіндердің сынына жиі ұшырайтыны рас. Бұқаралық ақпараттың барлық саласындағы әйел журналистер мен ер журналистер ешқашан бастан өткеріп көрмеген осындай түрлі деңгейдегі қысымдарға тап болып жатады. 2012 жылы Ұлыбританияның тәуелсіз газетінің шолушысы Лори Пенни өз жұмысына қатысты Интернетте күн сайын әйелдерді жақтырмайтындар тарапынан қысым көретінін жазды. Ол «жеке пікірі бар әйел интернетте «қысқа белдемше» киіп алып, еркектердің өзіне шабуыл жасауына мүмкіндік бергендей болады» дейді.

Пойнтер институтының сандық медиа жөніндегі маманы Джефф Зондерман әйел болсын, ер болсын, барлық журналистер түрлі жаламен, жеке шабуылдармен және троллингпен бірдей-ақ күреседі, бірақ әйелдер ашу-ызаға, қорлау, тілдеуге тым жиі ұшырайды дейді. Мұндай сипат әсіресе спорт, саясат сияқты ер адамдар басымдық танытатын салалардың мәселесін көтеретін әйелдерге көп қатысты екен. Авторлар әйелдер бейнесін ерсі етіп көрсету немесе әйелдер образын қасаң көзқараспен пайдалану сияқты визуалдық зорлық-зомбылық деген ұғымды да қарастырады. Канадалық-америкалық феминист, БАҚ сыншысы, блогер және танымал тұлға Анита Саркисян, Feminist Frequency сайтында бұқаралық мәдениеттегі әйелдер бейнесіне талдау жасалған видеолар мен пікірлер салынып тұратынын, өзі де сондай «зорлық-зомбылыққа» талай мәрте ұшырағанын айтады; ол өзінің бет-әлпеті немесе өзіне ұқсас адамдардың келбеті қойылған порнографиялық суреттердің электрондық поштасына, Facebook, Twitter және YouTube-тегі парақшасына жиі келіп тұратынын жеткізеді. Саркисян видеоойындарда әйел жынысты кейіпкерлер бейнесін зерттейтін «Видеоойындардағы әйелдер образы» атты бейнематериалдар сериясына қажетті қаражат жинау үшін Kickstarter атты жобасын іске қосқаннан кейін, интернет-қудалауға ұшыраған. Бастапқыда ол өзі қажет еткен 6 мың доллардан әлдеқайда көп, 160 мың долларға жуық қаржы жинаған еді.

Видео жарыққа шыққан соң қаскөйлер оған «зорлап, өлтіреміз» деген хабарламалар жіберіп, оның веб-парақшасы мен әлеуметтік желілердегі парақшаларын бұзып кіріп, жеке мәліметтерін көпшілікке жариялап жібереді. Қаскөйлер Саркисянды кемсітетін пікірлерді онлайн түрде жариялап, оның Википедиядағы парақшасын бұзып, нәсілдік тұрғыда кемсітетін сөздер жазып, сексуалдық сипаттағы бейнелерін салады; жеке поштасына видеоойындар кейіпкерлерінің Саркисянды зорлап жатқан сәттерін бейнелейтін суреттер жібереді. Қаскөйлердің бірі ойыншыларды Саркисян кескініне қан төгіп ойнауға шақыратын «Анита Саркисянды ұр» атты компьютерлік ойын да жасап шығарады. Бұл оқиға БАҚ-та кеңінен талқыланып, Саркисян видеоойындардағы мизогиния мен интернет-қудалау тақырыбының басты кейіпкеріне айналады. Ол TEDxWomen конференциясында сөз сөйлеп, түрлі ток-шоуларға шығып, өзінің киберқуғындауға ұшырағанын айтады. Видеоойындардың әйелдерді осындай тәсілмен жиі сомдайтынын, соның салдарынан әйелдердің сексуалдық зорлық-зомбылық нысанына айналғанын айтқан Саркисян видеоойындарға цензура қоюды емес, әйелдерді таптаурын көзқарастан ада әрі шынайы етіп көрсетуге болады деп пікір білдірді. Саркисян



видеоойындардағы «жағымды» әйелдер бейнесіне арналған бейнероликтер құру туралы ойын әлі де айтып келеді. Ол сондай-ақ, Photoshop, мемдер, мультфильмдер арқылы әзіл-сықаққа толы айла-шарғылардың да бар екенін және әйел бейнелерінің Интернеттегі саяси сауатты дискурстың маңызды бөлігі ретінде қолданылатынын, әсіресе әлеуетті институттар, көшбасшылар немесе регрессивтік әлеуметтік нормалар дауында көп пайдаланылатынын айтады.

Интернет журналистер ықпалын ғаламдық деңгейде таратуға зор мүмкіндік беруде. Әлеуметтік желілердің пайда болуымен – қарқынды диалогқа негізделген, журналист пен аудитория арасында көпдеңгейлі ақпараттар мен идеялар алмасуға мүмкіндік беретін журналистиканың жаңа түрі дами бастады. Ол ескі жүйе құрылымын өзгертуде. Дегенмен көрермендер енді журналистерден диалог күтіп, медиа-алаңдарда өз пікірлерін жариялайтын болды. Десек те, Интернетте жеке жауапкершіліктің болмауы адамдардың жасырын атпен кемсіту сипатындағы пікірлер жариялап, журналистерді қорқытып отыруына да мүмкіндік беруде. Сондай-ақ, өз білімін, Интернетте жеке пікірін жариялы түрде бөлісіп отыратын әйелдерге көбірек қауіп төніп, онлайн-кеңістіктегі гендерлік айырмашылық айқындала түсуде. Әйелдер үшін ондай қысымдар олардың жынысы мен сыртқы түрі туралы жағымсыз пікірлер түрінде, көбінесе сексуалдық агрессия түрінде сипат береді. Тіпті оларды зорлап кететінін айтып, қоқан-лоққы көрсететіндер де табылады. Сексуалдық қызығушылық таныту да, немесе керісінше, жеке басының кемшілігін айтып, қорлау да бірдей әсер етеді: тролльдер әйел журналистерді «ебедейсіз», «қорқынышты» деген сөздермен шабуылдап немесе жыныстық қатынасқа түсуге шақырып жатады. Тролльдердің көпшілігі – ер адамдар.

Әйел журналист болу және жеке пікір иесі болу – қауіпті онлайн әдіс деп санайды батыс журналистері. BuzzFeed, Huffington Post, Cosmopolitan, The Atlantic сияқты көптеген кітаптың авторы Джессика Мизенер Атлантикаға арнап мақала жазған. Артынша-ақ мақала астына қалдырылған оқырмандар пікірлері біртіндеп журналистің фотосуретіне қатысты кемсітушілік пен зәрлі кекесінге толы сөздерге айналып кеткен. Оқырмандар: «Мынадай түріңізбен сіз Maroon 5 туралы, феминистік қозғалыстар туралы жазғаныңыз жөн, ол жазбаларыңызды дәрекі сөздермен тұздықтап қойсаңыз да болады» деген сарындағы пікірлерін жарыса қалдырған. Әйелдердің кәсіби біліктілігі туралы оның жұмысына емес, суретіне қарап баға беру де жиі кездесетін проблема.

«GamerGate» те біршама назар аударуды қажет етеді. 2014 жылдың тамызында видео-ойындар индустриясындағы бірнеше әйел, оның ішінде, ойындар әзірлеуші, Depression Quest ойынының авторы Зои Куинн, ойындар әзірлеуші Брианна Ву және мәдени сыншы Анита Саркисян Твиттерде #gamergate хэштегімен әйел атаулыны жақтырмайтындардың ауыр сөздер шабуылына ұшыраған. Соңы зорлық-зомбылық көрсетіп, өлтіріп кету туралы қоқан-лоққыларға ұласқан бұл анонимдік қуғындау Твиттерден Reddit, 8chan және 4chan сияқты басқа да онлайн-платформаларға жылдам тарап кеткен. «Геймергейт» (GamerGate) – ағылшынтілді баспасөздің әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан дау-жанжалдар тізбегі. Ойындар журналистикасындағы жемқорлықты зерттеуден басталған даулы тақырып біртіндеп компьютерлік ойындар мәдениетіндегі мизогиния мен сексизмді талқылауға ауысып кеткен. «GamerGate» атауы «-gate» сөзімен аяқталатын басқа да дау-жанжалдар (Уотергейт жанжалы және т.б.) атауына ұқсас етіп алынған және актер Адам Болдуиннің айтуымен (бастапқыда #GamerGate хэштегі түрінде) жылдам танымал болған. GamerGate-тің басталған уақыты Зои Куинннің бұрынғы досы, сондай-ақ, ойындар әзірлеуші Эрон Гжонидің (Eron Gjoni) постынан кейін басталған еді. Ол «бұрынғы қызым Зои өзінің Depression Quest ойыны туралы жағымды пікірге ие болу үшін, видеоойындар сайтының журналисі Натан Грейсонмен (Nathan Grayson), ойын журналистикасының тағы бірнеше өкілімен жүріп, көзіме шөп салды» деп мәлімдеген. Осыдан кейін Зои Куинннің жеке мәліметтері ашық түрде жарияланып, оның Tumblr-дегі блогы бұзылып, ал өзі қарша бораған ауыр сөздердің астында қалған (тіпті оны зорлап, өлтіріп кетемін деушілер де болған). Ол өзіне айтылған қоқан-лоққылар салдарынан, тұратын жерін де ауыстыруға мәжбүр болыпты. Оның намысын қорлаған балағат сөздер ірі ақпараттық басылымдардың, феминистік ұйымдар мен кез келген кемсітушілікке қарсы тұратын белсенді жандардың назарын #GamerGate-ке аударған.



Pew Research Center-дің 2015 жылғы сауалнама нәтижесі көрсеткендей, интернеттегі әйелдерге айрықша жаулық танытатындар желілік ойындар қауымдастығы екен. Сауалға жауап бергендердің 44%-ы ондағы әйелдерден гөрі, ерлерге көбірек жылы шырай танытатындарын мойындаған.

Giant Spacekat студиясының жетекшісі Брианна Бу Twitter-дегі GamerGate акциясын сынаған соң, оның да жеке мәліметтері, тұратын мекенжайы желіге тарап кетеді. Ал оның өзіне және отбасына қатысты түрлі қоқан-лоққы жасалады. Бу үйінен қауіпсіз жерге кетіп, ФТБ-ға жүгінуге мәжбүр болады. Сол оқиғалар нәтижесінде, Бу #GamerGate-тен жәбір көрген әйелдердің құқығын қорғайтын қор құрып, қылмыстық іс қозғау үшін әлгіндей қоқан-лоққы жасағандар туралы қажетті ақпараттарды бергендерге 11000\$ көлемінде сыйақы тағайындайды.

Фелиция Дэй – геймер және «Тылсым күш», «Баффи – вампирлерді жоюшы» сериалдарындағы рөлдері арқылы танымал болған америкалық актриса, «Гильдия» интернет-сериалының сценарийшісі және продюсері. Дэй бастапқыда өзінің де жеке мәліметтері жария болып, желіге салынуы мүмкін деген қауіппен ұзақ уақыт бойы GamerGate-ке қатысты мәлімдеме жасамай, үнсіз жүреді. Кейіннен ойындар жасайтын әйелдерге қолдау білдірген пікірін жария еткен кезде бірнеше минут өтпей жатып-ақ, белгісіз біреулер оның да тұрғылықты мекенжайы мен электрондық поштасын жариялап жібереді. Ал Интернетте өз пікірлерін қалдырған ер жынысты сыншыларға ешкім тиіспеген.

Gamergate-ке қатысты бұл дау-жанжал ойын индустриясының ұзақ жылдар бойы тек ерлер аудиториясына ғана бағытталған ұмтылысына қарсы реакция деп сипатталды. Бірақ жағдай өзгеріп келеді. Ойыншы әйелдер саны өсе түсуде. Дегенмен геймергейт жақтаушылары әйелдерді жақтырамайтынын айтып, тіпті оларды ойын индустриясынан түгелдей қуып шығу мәселесін де көтеріп жүр. Gamergate жақтаушылары әйелдерді жақтырмау идеясымен қоса, гомофобиялық, нәсілшілдік және неонацистік пиғылдағы дәрекі пікірлерін де жиі қалдырған. Тіпті gamergate-ті қолдайтын кейбір жеке қозғалыстар неонацистік тұрпатқа айналып кеткен. Әйелдерге қазірше онлайндық кибер-қудалаудан қорғану мүмкін болмай отыр. Анита Саркисян 2012 жылы интернет-сервистерді шабуылға, қиянатқа ұшыраған әйелдердің өзін-өзі қорғауына мүмкіндік беретін құралдары мен мүмкіндіктерін арттыру бойынша жұмыс істеуге шақырған еді. Алайда қысым көрсетудің ондай түрлері әлі де жалғасып келеді және Интернетті әйел журналистер үшін қауіпсіз алаңға айналдыру мақсатында атқарылған істер де өте мардымсыз. 2015 жылы түрік журналисі Амберин Заман өз атына қоқан-лоққы жасалған жүздеген дәрекі твиттер алғанын мәлімдеді. Ол бұл әрекетті көпшілік алдында жазалау әдісімен салыстырады. Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы мәселесі жөніндегі сарапшысы және БАҚ өкілі Дунья Миятови 2015 жылдың басында әйел журналистерге онлайн-қысым көрсетуді – «жылдам қарқынмен дамып келе жатқан жаһандық құбылыс» деп мәлімдеді. Ол өзі сияқты бірнеше әйел журналистің негізсіз шабуылдарға ұшырағанын айтқан. Егер көптеген әйел журналистер үшін зорлық-зомбылық сарынындағы қоқан-лоққы сөздер қалыпты нәрсеге айналса, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі үшін қауіпсіздік негізгі алғышарт саналса, онда Бүкіләлемдік ғаламтор біз үміт еткен демократиялық әрі азат етуші алаң бола алмайды. Және бұл тек әйелдердің ғана емес, адамзат құқығының да мәселесі деп есептейді сарапшылар. Сондай-ақ, мәселе технологияның жақсы немесе жаман болуында емес. Технология қашанда бейтарап болады. Мәселе сол технологияны кімнің қалай пайдаланатындығында және оның өзге адамдар еркіндігіне тигізетін ықпалына жауап беретіндерге де қатысты болса керек.